

## Қазақстанның даму институты туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 5 маусым N 778

Қазақстан Республикасының ішкі саясатының тиімділігін арттыру және қоғамда әлеуметтік және саяси тұрақтылық жағдайын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстанның даму институтының ғылыми-зерттеу жұмысын кешенді жүргізу және республиканың әлеуметтік және саяси салаларын дамытудың аса қауырт емес бағдарламалары мен тұжырымдамаларын әзірлеу негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік саясаттың ғылыми-талдау және болжамдау деңгейін арттыру туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Қазақстанның даму институтының оны Қазақстан Республикасының ішкі саясатының проблемалары жөніндегі зерттеу жобалары бөлігін іске асыратын үйлестіруші жұмысшы орталығы етіп белгілеу туралы ұсынысы қабылданды.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде Қазақстанның даму институтын қолданып жүрген заңда белгіленген тәртіппен қызметтік үй-жаймен қамтамасыз ететін болсын.

4. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстанның даму институтын бюджеттік ұйымдар үшін белгіленген баға бойынша қажетті телефон және факсимиле байланысымен қамтамасыз ететін болсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі